

Жасанды интеллектті қолдануға қатысты мәлімдеме

«Auezov University» журналының редакциясы авторларға көмек көрсету мақсатында генеративті жасанды интеллект (ЖИ) құралдарының әлеуетін мойындайды. Алайда мұндай құралдарды пайдалану авторларға ғылыми этика мен авторлық құқық талаптарын сақтау бойынша белгілі бір міндеттемелер жүктейді.

COPE (Committee on Publication Ethics) ұсынымдарына сәйкес, ЖИ құралдарының құқықтық субъектілігі жоқ және мақала мазмұны, деректердің дәлдігі немесе этикалық нормалардың сақталуы үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алмайды.

Авторлар қолжазбадағы барлық ақпарат үшін, оның ішінде плагиаттың болмауы, дәйексөздердің дұрыс берілуі және ЖИ жасаған жалған фактілердің болмауы үшін жеке жауапкершілік көтереді.